

«Бекітемін»

**Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы**

**С. Дауешова**

«10» 09 2025 ж.

**«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында
«Дұрыс тамақтану мектебі: сенің цифрлық сабағың»
педагогтерге арналған онлайн байқауының
ережесі**

Астана, 2025



Ұйымдастырушылар:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК
«Нестле ФУД Қазақстан» ЖШС

1. Жалпы ережелер

1.1. «Салауатты тамақтану мектебі: сенің цифрлық сабағың» байқауы (бұдан әрі - байқау) «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасы аясында өткізіледі.

1.2. Осы ереже байқаудың мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, бағалау критерийлерін және қатысу шарттарын айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім алушылардың салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған цифрлық сабақтардың тиімді қолдануы бойынша құзыреттілігін дамыту.

2.2. Міндеттері:

- Білім алушылардың тамақтану мен денсаулыққа саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық сабақтардың фотоесептерін сапалы жүктеу.

- Педагогтердің цифрлық және денсаулықты сақтау технологиялары саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға Астана қаласындағы «Салауатты тамақтану мектебі» жобасына қатысатын білім беру ұйымдарының бастауыш сынып педагогтері қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысу ерікті және тегін.

4. Байқауды өткізу шарттары

4.1. Байқау 2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 20 мамырға дейін www.prav-pit.kz сайтында өткізіледі.

4.2. Бастапқыда www.prav-pit.kz сайтына тіркелу қажет.

4.3 www.prav-pit.kz сайтындағы цифрлық сабақтар арқылы білім алушыларға сабақ немесе сыныптан тыс іс-шара ретінде сабақ өткізілуі тиіс, жас ерекшеліктеріне және салауатты тамақтану тақырыбына сәйкес болуы қажет. Сайтқа кемінде 2 фотоесепті жүктеу қажет. Жүктелген фотосуреттер сабақтың нақты тақырып бойынша өткізілгенін растауы тиіс.

5. Байқау материалдарына қойылатын талаптар

5.1. Сабақтың өткізілгенін растайтын есеп пен фотосуреттер сайтқа жүктеледі.

6. Фотоесептерді бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Min балл	Max балл
1	Цифрлық шешімдердің инновациялығы мен ерекшелігі	1	2
2	Әдістемелік сауаттылық және жас ерекшелігіне сәйкестік	1	2
3	Білім алушылардың белсенді қатысу деңгейі.	1	2
4	Цифрлық құралдардың қолжетімділігі мен ыңғайлылығы	1	2
5	«Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасының жоспарына сәйкестігі	1	2

7. Қорытынды шығару

6.1. Байқау жұмыстарын «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасының өкілдері, әдіскерлер және білім беру мен диетология саласындағы мамандардан құралған сараптамалық қазылар алқасы бағалайды.

6.2. Ең көп фотоесеп жүктеген жеңімпаздар дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

- 2 фотоесептен астам – «Цифрлық мектеп» пайдаланушысының сертификаты;

- 8 фотоесептен астам - «Цифрлық мектеп» белсенді пайдаланушысына алғыс хат;

- ең белсенді фотоесеп жүктеген 20 педагогке арнайы сыйлықтар.